

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің
«Балапан» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Тақырыбы: «Сенсорика әлеміне саяхат»

Педагог- психолог: Сүлейменова С.

Құлап ауылы
2021 - 2025 оқу жылы

«Сенсорика әлеміне саяхат» ата - аналарға арналған дөңгелек үстел

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың сенсорлық тәрбиесі жөнінде ата - аналардың ойларын кеңейту және нығайту.

Міндеттері:

- ата - аналарды балалардың заттардың сенсорлық қасиеттеріне зейіндерін аударатын, біркелкі нысаналардың көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаудың қарапайым жолдарын қалыптастыратын, сенсорлық дамуына ықпал ететін дидактикалық ойындармен таныстыру;

- ата - аналардың педагогикалық тәжірибесін белсендіру;

- отбасы мен педагогикалық ұжымның қарым - қатынасын нығайту.

Өткізу әдісі: дөңгелек үстел

Қатысушылар: ата-аналар, тәрбиешілер.

Өткізу жоспары:

Кіріспе кезеңі:

- мәселеге кіріспе;

- проблемалық жағдаят тудыру.

Негізгі бөлім: Станцияларға поездбен саяхат жасау арқылы ойын.

Қорытынды бөлім:

- рефлексия.

Кіріспе кезеңі.

- Қайырлы күн, құрметті ата - аналар! Біздер сіздермен кездесіп отырғанымызға қуаныштымыз. Уақыт тауып дөңгелек үстелге келгеніңізге рахмет. Балаларымыздың балалық шағы бақытты болу үшін, олардың өмірінде ойын негізгі орын алу қажет. Балалық шақта балада ойынға деген қажеттілік болады. Сондықтан, сол қажеттілікті қанағаттандыру қажет, себебі бала ойнай жүріп өмірді тани бастайды. «Ойын баланың бүкіл өміріне әсер етеді. Бұл күштарлық, оны қанағаттандыру қажет. Бала өмірін сол ойынмен сусындату керек, себебі оның өмірі - ойын» А. С. Макаренко. Кішкентай балалар – сүйкімді, бақытты неше түрлі оқиғаларға тап болып, өмірді танитын тентектер. Олар өздерінің ашқан жаңалықтарын біреумен бөліскісі келеді, олар өздері жақсы көретін адамдар болып табылады. Бірақта, әкесі жұмыста, анасы үйдің жұмысынан босамайды, баласына уақыты болмайды. Соған қарамай, ата - аналар уақыт бөліп, баласымен ойнап, сөйлесіп, оған бірдеңе үйрету керек. Бүгін біздер сіздермен өздеріміздің балалармен жұмыстану кезінде жинақтаған іс - тәжірибемізбен бөлісіп, балалармен ойнайтын сенсорлық дидактикалық ойындар туралы әңгімелесеміз және сол ойындарды үйде де ойнауға болатыны туралы кеңес береміз. Осы кездесуімізді дәстүрлі емес, Сенсорика әлеміне ойын - саяхат ретінде өткіземіз. Бірақта алдыменен, сенсорлық тәрбие не екендігімізді еске түсіріп алайық. Баланың балабақшада, мектепте, одан қалса өскенде еңбектенген кезінде де, сенсорлық, сенсомоторлық дамуы ақыл - ой дамуына

фундамент болып табылатыны психолог мамандар дәлелдеген.

Бала өмірінде әр - түрлі пішін, түс, заттардың /ойыншықтар мен үй ішіндегі заттар /әр - түрлі қасиеттерімен кездеседі. Әр бала олармен кездескен кезде оны өзінше қабылдайды. Бала екі - үш жаста түсті, пішінді, әр бір заттың ерекшелігін айыра білу қажет, негізгі әр түрлі түстер мен пішіндер және екі заттың көлемі туралы түсініктер жинақталу керек. Ал төрт жасынан бастап балада сенсорлы эталон қалыптасады.

- Сіз «сенсорлы эталон» деген не екенін білесіз бе?

Сенсорлы эталон – ол түстер, геометриялық пішіндер, бірнеше заттардың қасиеттері мен көлемдері туралы тұрақты, сөздік қорында бекітіліп қолданылатын түсініктер. Сенсорлық эталонның қалыптасуымен қатар, балаларға заттарды зерттеу әдістерін үйрету қажет: мысалы, затты түсі мен пішініне қарай топтастыру, бағытымен қарап шығып, оның түрін сипаттау және де одан да қиын көзқарағылығы қажет іс - әрекеттер орындалу. Осындай тапсырмалар негізінде дидактикалық ойындар мен жаттығулардың жүйесі жасалынған. - Сіздер балаларыңызбен отбасы жағдайында қандай дидактикалық сенсорлық ойындар ойнайсыздар? Болса, балдарыңызбен қалай ойнайсыздар? Сол ойындар балдарыңызды неге үйретеді? Дидактикалық ойындар өткізген кезде тәрбиеші балабақшада, ал ата - ана үйде балаға қысқа - нұсқа түсіндіріп, орындайын деп отырған тапсырмасынан алаңдатпау қажет. Ересектерге баладан міндетті түрде есте сақтап алуды және түстер мен пішіннің өзінше айтуды талап етпеу керек. Бұл жерде, маңызды - баланың тапсырманы белсенді орындағаны, олардың қасиеттерін ескере отырып, себебі ойын процесінде сол заттардың қасиеттері жөнінде ойлар мен түсініктер пайда болып, жинақталады.

Негізгі бөлім:

Музыка ойналады, ата - аналар алдына «Түйсік жәшігі» көрсетіледі.

- Сіздердің алдарыңызда проблемалық жағдаят туындады - сіздер «Түйсік жәшігі» ішінде түйсік арқылы не бар екендігін табу керексіз.

Үш ата - анаға жәшік ішінде түйсік арқылы не бар екендігін табу ұсынылады.

Ата - аналар қолдарын салып затты ұстап қарайды. Олардың талқылаған ұсыныстары қабылданады.

- Сіздер қиын жағдаятқа тап болдыңыз. Ондай жағдай көбінесе, адам шаршап, қорқып, қозып, әлде беймәлім объектпен кездескенде болады.

Баланы туғанынан бастап неше түрлі заттар мен құбылыстар қоршайды, олар әртүрлі қасиеттер мен сапалардан тұрады. Қоршаған орта туралы түсініктерді қалыптастыру процестерін жеңілдету үшін баланы негізгі ақыл - ой іс - әрекеттері мен қабылдау ережелерін орындатуға үйрету қажет.

- Бүгін біздер сіздерге бала кейпіне айналып, баланың жолын өтуге ұсыныс білдіреміз. Мектепке дейінгі жастағы балалардың сенсорлық дамуы, сенсорлық эталондарының меңгеруі үшін жасалынған дидактикалық ойындар, пособиялармен танысасыздар.. Сіздер кішкентай балдардың ата - аналарысыз, барлық балалар ойнауды жақсы көреді, сондықтан мен де сіздерді ойнауға шақырамын, балалық шақтарыңды еске түсіріп және балалардың дидактикалық ойын арқылы сенсорлы білімді қалай меңгеретіні

жөнінде түсінік алуларың қажет.

- Уақытша сіздер ересек адам екеніңізді ұмытыңыз, бала болыңыз, онда ойыңды бастайық. Ойнағыларың келе ме?

Ендеше, біздер бәріміз Сенсорика әлеміне саяхат жасаймыз!

«Ертегі елі» атты ән қосылады. Психолог басына корона киеді, үстіне накидка киеді, қолына сиқырлы таяқша алады.

Қолымен сермейді де:

«Бәріңіз шеңберге тұрыңыз, бір - біріңізді ұстаңыз, көздеріңізді жұмыңыз, енді айналамыз, балаға айналамыз, сіздерге мен шашқа тағатын заколка резинка беремін, жылдам тағайық, жылдам тағайық, енді саяхатқа шығуға әзірміз бе? Ендеше паровозға мінейік, /ата - аналар паровоз болып тұрады/ пуп - пуп, чик - чик, Сенсорика әлеміне жетейік!»

- Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, біздің поезд станцияға жетті. Бұл қандай станция екен? Біздерді кім қарсы алады екен? Вагондарыңыздан түсіп, жайғасып отырыңыздар, бұл станцияның аты қалай екен?

Мен сіздерге сұрақ қоямын. «Жұмыртқа мен балапанның, күн мен құмның түсі қандай?»/сары/

Ал, бақа мен крокодилдың, шөптің түсі қандай?/жасыл/

Қанның түсі қандай?/қызыл/

Енді, естеріңізге түсті ме? Бұл станция «Түстер станция» деп аталады. Осы станцияда ойын ойнап, тапсырмаларды орындасақ, бізге кірпі жәшігіміздің ішінде не бар екенін айтады.

Бір тәрбиеші сергіту сәтін орындатады.

Ойын «Мұнара тұрғызайық»

Мақсаты: белгілі бір түсті айыруға үйрету.

Әр түрлі кубиктар еденге шашылады, балаларға белгілі бір түстен тұратын кубик арқылы мұнара тұрғызу деген тапсырма беріледі.

Балаларға қызыл түсті кубик көрсетіледі, оны еденге қойып «мына түсті кубикті алып мұнара тұрғызайық! Осындай түсті кубик табыңдар». Балаға әкелген кубигін салыстыру арқылы түсіндіру және көмектесу. Содан соң екі ата - ананы шығарып жарыстыру, кім жылдам мұнараны құрады. Кім бірінші құрады сол жеңімпаз болады. Осы ойынды 1 - 2 рет ойнату.

«Түрлі түсті тулар» ойыны

Балалардың зейіні мен реакциясын дамуына арналған

екі жастан асқан балаларға арналған көңілді және қимылды ойын - сергіту.

Және де түсті ажыратуға арналған ойын.

Ойынның өту барысы: Ойын үшін бірнеше түсті тулар алу қажет.

Жүргізуші қызыл түсті туды көтергенде балалар секіру, жасыл түсті туды көтергенде шапалақтау, көкті - орында тұрып жүру, сарыны қолдарынан ұстауға қажет болады.

«Теректің жапырақтарын жинайық» ойыны.

Мақсаты: Теректің түсі бойынша жапырақтарды жинап табуға үйрету, түстер туралы білімдерін нығайту.

Материалы: үш түрлі түсті теректің бейнесі/сары, қызыл, жасыл/, себеттер, жапырақтар.

Өту барысы: Баланың алдына үш түрлі түсті теректің бейнесі қойылады, олардың қасында себеттері болады, сол себеттерге алдында шашылып жатқан жапырақтарды түстері бойынша жинастыру.

Рефлексия: Ата – аналар дөңгелекте үстел бойынша өздеріне ұнаған және ұнамаған сәттері туралы өз ойларымен бөліседі.

Қорытындылау: Ата – аналар сіздерге саяхат ұнады ма? Ата – аналар сіздерге көп-көп рахмет. Көптеген тапсырмалар орындадыңыздар.

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің «Балапан»бөбекжай –бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

Анықтама

Тақырыбы: «Біз саусақтарды дамытамыз,сөйлеуді жақсартамыз»
«Сенсорика әлеміне саяхат»

Әдісі: ата - аналарға арналған дөңгелек үстел

Мақсаты: мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту туралы және сенсорлық тәрбиесі жөнінде ата - аналардың ойларын кеңейту және нығайту.

Қатысқандар: консультативтік пунктпен қамтылған ата-аналар

Барысы:

Логопед Жұмабекова Гүлім «Біз саусақтарды дамытамыз, сөйлеуді жақсартамыз» тақырыбында шебер – сынып және «Сенсорика әлеміне саяхат» тақырыбында педагог-психолог Сүлейменова Салима ата – аналармен дөңгелек үстел өткізді.

Логопед Жұмабекова Гүлім: Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретті. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беру керектігін айта отырып, ата – аналармен тіл ұстарту жаттығуларын жасатты.

Кезекті жұмысты педагог-психолог Сүлейменова Салима орындатты.

Музыка ойналады, ата - аналар алдына «Түйсік жәшігі» көрсетіледі. - Сіздердің алдарыңызда проблемалық жағдаят туындады - сіздер «Түйсік жәшігі» ішінде түйсік арқылы не бар екендігін табу керек. Үш ата - анаға жәшік ішінде түйсік арқылы не бар екендігін табу ұсынылды. Ата - аналар қолдарын салып затты ұстап қарады. Олардың талқылаған ұсыныстары қабылданды.


«Ертегі елі» атты ән қосылады. Психолог басына корона киіп, үстіне накидка киді, қолына сиқырлы таяқша алды да, Қолын сермеп, бәрін шеңберге тұрғызды. «Бәріңіз шеңберге тұрыңыз, бір - біріңізді ұстаның, көздеріңізді жұмыңыз, енді айналамыз, балаға айналамыз, сіздерге мен шашқа тағатын заколка резинка беремін, жылдам тағайық, енді саяхатқа шығуға әзірміз бе? деп паровозға мініп/ата - аналар паровоз болып тұрып/пуп - пуп, чик - чик, Сенсорика әлеміне жетейік!» деп саяхатқа шықты.


«Жұмыртқа мен балапанның, күн мен құмның түсі қандай?)/сары/ Ал, бақа мен крокодилдың, шөптің түсі қандай?)/жасыл/ Қанның түсі қандай?)/қызыл/ Енді, естеріңізге түсті ме? деп сұрақтар қойылып, бұл станция «Түстер станция» деп аталады. Осы станцияда ойын ойнап, тапсырмаларды орындайық. Тәрбиеші Канатова Маягул сергіту сәтін орындатты. «Мұнара тұрғызайық» ойынын ойнатты. Белгілі бір түсті айыруға үйрету мақсатында әр түрлі кубиктар еденге шашылды, белгілі бір түстен тұратын кубик арқылы мұнара тұрғызу деген тапсырма берілді. Қызыл түсті кубик көрсетілді, оны еденге қойып «мына түсті кубикті алып мұнара тұрғызайық! Осындай түсті кубик табындар деп тапсырма

берілді. Содан соң екі ата - ананы шығарып жарыстыру, кім жылдам мұнараны құрады. Кім бірінші құрады сол жеңімпаз болды.

«Түрлі түсті тулар» ойыны балалардың зейіні мен реакциясын дамуына арналған екі жастан асқан балаларға арналған көңілді және қимылды ойын - сергіту және де түсті ажыратуға арналған ойын. Ойын үшін бірнеше түсті тулар алды. Жүргізуші қызыл түсті туды көтергенде ата – аналар секірді, жасыл түсті туды көтергенде шапалақтады, көкті көрсеткенде - орында тұрып жүрді. Дөңгелек үстел соңында ата – аналар жұмыс барысы бойынша жүргізілген жұмыстарды орындау оңай болды ма, ұнады ма деген сұрақтарға өз ойларын айтып өтті.

Қорытынды: Ата – аналар дөңгелек үстелге өте жақсы белсенділікпен қатысты. Өз ойларын ашық айтып, ұсыныстарында айтып өтті.

Педагог – психолог:  С.О Сулейменова

Логопед:  Г.Б Жұмабекова

